

С.Оразалин атындағы ЖОББМ –нің 2021-2022 оқу жылына «Ақпараттық технология» үйірмесіне жылдық жүргізген жұмыстарына талдама.

Қай заманда да өркениеттің дамуы интеллектуалдық шығармашылық қабілеттіліктің негізінде жасалынған, әлі де солай болып келеді. Шығармашылық адам санасының жасампаздығын және іс-әрекетінің биік белсенділігін көрсетеді. Адам қабілетінің дәрежесі, оның кәсіби іскерлік шеберлігі, бизнес пен кәсіпкерліктің нәтижелілігі, жаңалық ашуы тұлғаның шығармашылық ойлауына қатысты анықталады.

Мұғалім жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік, ойшылдық қасиеті бар маман, білімді де білікті, көп оқитын, көп тоқитын, білімін күнделікті ісіне шебер қолдана білетін, өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға үйрете алатын болу керек. Бұл өмір талабы. Мұғалімде ұйымдастырушылық, құрылымдық, бейімділік, сараптамалық қабілеті болуы шарт. Ғаламдасуға байланысты «интернет» жүйесін жетік меңгерген, әлемдік білімге сай, мәдениеті жоғары, жеке тұлға тәрбиелей алатын ұстаз болуы қажет. Осыған қарап ХХІ ғасырда мұғалімге қойылатын талаптар зор екенін көреміз.

К.Д.Ушинский оқушыларды сабаққа тарта білу, олардың оқуға қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін арттырып, білімге, құмарту керектілігіне аса көңіл бөлді. Оның пайымдауынша, қызығушылық сапалы оқудың негізгі жолы, ешбір қызығусыз тек қана зорлық күшімен жүргізілген оқу, оқушы бойындағы білім алуға деген құштарлықты жояды.

Жас бала не нәрсені болса да білуге құмар, қызыққыш, қолымен ұстап, көзбен көргенді, жақсы көреді. Оқушылардың қызығушылығын арттыруға жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан әрбір сабақта бұрыннан белгілі мәліметтерді қайталай бермей, жаңа әдіс - тәсілдердің іздестіру қажет. Сабаққа қызығушылығы артқан оқушы, шығармашылықпен жұмыс істейді.

Оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, пәнге деген ынтасын арттыру мақсатында үйірме жұмысын ұйымдастырып жүргізудің маңызы зор. Үйірме мүшелерінің шығармашылық қабілеттерін артуы, үйірме жұмысының қаншалықты дұрыс ұйымдастырылғанына байланысты. Егерде жұмыс дұрыс ұйымдастырылса оның білім берелік және тәрбиелік мәні өте зор. Ол жұмыстар оқушылардың практикалық дағдысын дамытып, шығармашылық қабілеттерін арттырады. Оқушылармен үйірме жұмысын жүйелі түрде жүргізіп отырған жөн. Біздің мектепте «Ақпараттық технология» атты үйірме жұмысы жасайды. Үйірмеге әр түрлі жастағы балалар қатысады. Үйірмеге қатысатын оқушылардың әрбірінде ашылмаған байлық, талант жатыр. Сол таланты ашу, оны ары қарай дамыту, арттыру жолында жұмыс жасап келемін. Қазіргі компьютерленген жаңа заманда әр оқушының заман талабына сай әлемдік дәрежеде білімді меңгеру, шығармашылық қабілетін арттыру - ең басты міндетім. Осыған орай балалардың үйірме жұмысына деген қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін арттыру - ең басты міндетім.

Осыған орай балалардың үйірме жұмысына деген қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында қарапайым MS Word бағдарламасында автошебер көмегімен, Paint графикалық редакторда, фотоколлаж бағдарламасында, Power Point бағдарламасында өзіндік жұмыстарды жасауды тапсырма етіп беремін. Бұл тапсырмаларды орындауда балалардың шығармашылық қабілеттері артып, өз бетінше ізденіп, жұмыс істей біледі.

2021-2022 оқу жылына арналған «Ақпараттық технология» компьютерлік үйірмесінің бекітілген жоспар бойынша Сабақтар 2 топтан құралды. Әр топта 10 оқушыдан. Жалпы оқушылар саны – 18. I топта 3-4 сыныптар- 10 оқушыдан, ал II топта 5-6 сыныптар -10 оқушыдан аптасына 3 рет 8 сағаттан өткізілді.

Үйірмеге қатысқан оқушылар әр түрлі деңгейдегі мәселен облыстық, республикалық, халықаралық дәрежедегі сайыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болуда. Бүгінгі күні ХХІ ғасырдың ақпараттанған, жан-жақты мәдениетті, іскер, өмірге икемделген, бәсекеге қабілетті дарынды шәкірт тәрбиелеу барша ұстаздың міндеті. «Білемін», «Үйренемін», «Білгенімді іске асырамын» деген өмірлік принциптерді, бала бойына қалыптастырып, олардың шығармашылық ізденістерін арттыруда қолдан келгенше ұстаз ретінде еңбек етемін.